



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ

**Елші, Қазақстан Республикасындағы Еуропа Одағы Өкілдігінің басшысы
Аурелия Бушездің «Су ресурстарын басқару»: «Жасыл академиядағы» «Жасыл»
әрекеттер сценарийі» тақырыбына арналған семинар-тренингтегі кіріспе сөзі**

Астана, 14 тамыз 2013ж.

Құрметті министр, құрметті семинарға қатысушылар!

Сіздерге жаңа «Жасыл академияда» өтіп жатқан осы семинарға шақырғандарыңыз үшін алғыс айтқым келеді.

Еуроодақ Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу шешімін өте бағалайды, бұл болашақта тұрақтылыққа жету жолындағы нақты қадам болып табылады..

Жасыл экономика, егер біз әртүрлі мүдделі тараптармен тіл табыса алатын жағдайда ғана тиімді және тұрақты бола алады. Бұл тұрғыдан бізге оқу және түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Сондықтан мен «Жасыл академия» басқа мамандандырылған мекемелермен байланыста осы үдерісте маңызды роль атқарады деп есептеймін. Мен сіздердің болашақ бастамаларыңызға табыс тілеймін.

Су ресурстарын басқару және экологиялық тұрақтылық Орталық Азиядағы ЕО Стратегиясының негізгі басымдықтарының бірін құрайды.. Еуропа Одағының мұндай тәсілі біздің су ресурстарын басқару тәжірибемізге және «жасыл экономикаға» назар аударусыз жету мүмкінсіздігін түсінуге негізделген.

Бұл өңірде су ресурстары маңызды проблема болып табылады, бұл су қауіпсіздігінің бұзылуына әкеп соғады.

Еуроодақ соңғы он жылдықтың ішінде Қазақстан мен Орталық Азияның су және экологиялық проблемаларын шешу жөніндегі 70-тен астам жобаны қаржыландыруға шамамен 75 миллион евро бөлді.

Бұл ықпалдың міндеті сумен қауіпсіз жабдықтаумен, санитариямен, өзендердің трансшекаралық бассейндерін басқарумен байланысты келісілген, тиімді және су мәселелерін шешуге бағытталған іс-шараларды өткізу және ирригация мен гидроэнергетикаға тиімді су пайдалану технологияларын енгізу болып табылады.

Су мәселелері бойынша ЕО бастаған бірнеше бастамаларына қысқа шолу жасайын. Былтыр Еуропа Одағы Қазақстанмен су мәселелері бойынша саяси диалогты табысты бастады, оны ЭКЕ мен ОЭСР жүзеге асырды.

Қазіргі уақытта ЕО-ның Орталық Азия (EURECA) бойынша өңірлік экологиялық бағдарламасы шеңберінде қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеру және су

ресурстарын тұрақты басқару жөніндегі бірқатар іс-шаралар, соның ішінде Еуропа Одағы мен Орталық Азияның қоршаған ортаны қорғау және су ресурстарын басқару саласындағы ынтымақтастық тұғыры іске асырылуда. Еуроодақ қаржыландыратын өзге жобалар жасыл экономиканың түрлі салаларына қатысты; соның ішінде - INOGATE, IFCA және Қайта туындайтын энергия, энергияны сақтау, энергия тиімділігі және Мэрлер келісімі сияқты жобалар. Сонымен, ұсынылған бастама басталған бірқатар іс-шаралармен, олармен тығыз байланыса отырып сүйемелденеді.

ЕО-ның жобаларында білім беру мен ақпараттандыру негіз қалаушы функция болады. Экология және су ресурстарын басқару саласында ЕО бастаған бірқатар мысалдарға жеке тоқтағым келеді:

«Орталық Азияда су ресурстарын және бассейін ұйымдарын басқару» (WMBOCA) жобасы шеңберінде 2013 жылы мамыр айында Қазақстанның және Орталық Азияның басқа мемлекеттерінің сарапшылары үшін Испания мен Португалияда оқу тағылымдамасы ұйымдастырылды. Қатысушыларға ирригация, гидроэнергетика үшін, сондай-ақ ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын өзендер бассейіндерінде су шаруашылығы практикасымен танысу мүмкіндігі берілді. Тағылымдама су ресурстарын басқарудың барлық деңгейлерінде ақпаратты бірінші қолдан алуға бағытталды.

CAREC іске асыратын «AWARE» экологиялық ақпараттандыруды арттыру бағдарламасы» шеңберінде «Орталық Азия үшін жасыл аспап» әзірленді. Бұл ақпараттандыру жоғарылатуға - атап айтқанда су және су ресурстары тақырыбы бойынша орта мектептерде және Орталық Азиядағы мұғалімдер мен жаттықтырушылардың біліктілігін арттыруға арналған жаңа мультимедиялық білім қоры.

Сонымен қатар осы жобаның тағы бір қызық бастамасы – пысықтау сатысындағы «Жасыл бизнес-клуб» құру туралы айта кеткен жөн.

Сондай-ақ, жоба шеңберінде жасыл технологияларды пайдаланатын бизнес құрылымдардан ұсыныстар сұратылды. Конкурс қыркүйекке дейін, төрт санат: 1 – суды пайдалану; 2 – қалдықтарды пайдаға асыру; 3 – энергия тиімділігі; 4- «Жасыл кеңсе» бойынша ашық.

Сөзімнің соңында мен ЕО Қазақстанға экологиялық басқаруды дамытуда және су ресурстарын басқаруда көмек көрсетуді жалғастыра беретінін атап өткім келеді. .

Ендігі жылы біз Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуін қолдау үшін жаңа жобаны іске қосуды жоспарлап отырмыз. Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді толық талдау негізінде жоба жасыл экономиканың қазақстандық стратегиясын іске асыруға көмек көрсетеді, ол мыналарға: (1) су секторына, (2) экология және климаттың өзгеру мәселелерін мемлекеттік басқару, (3) ілкі іс-шаралар жүргізу арқылы жылдам және әсерлі нәтижелерге жетуге баса назар аударады.

Назарларыңызға үлкен рахмет. Бүгін күндіз сіздерді біздің еуропалық сарапшыларымыздың бірі А Крутов су ресурстарын ықпалдасып басқару жөнінде толық тұсаукесермен таныстырады.

Осы семинарда табысты жұмыс тілеймін.